

«МИРАС» КОЛЛЕДЖІ» МЕКЕМЕСІ



Ереже колледждің
Педагогикалық Кеңесінде қаралды
Хаттама № 1 28.08.2019 ж.

Бекітемін
«Мирас» колледжі»
мекемесінің директоры
Абуева Н.К.

ОҚЫТУШЫ ПОРТФОЛИОСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Шымкент 2019

1. Жалпы ережелер

«Мирас» колледжі» мекемесі оқытушысының портфолиосы, оқытушының шығармашылық жетістіктерін бекіту, жинақтау және бағалау тәсілі болып табылады. Оқытушы портфолиосы әдістемелік папкадан тұрады, онда оқытушының бірнеше жыл ішіндегі қызметін көрсететін материал бар.

Оқытушының портфолиосы оқу жылы ішінде оқытушымен толтырылады және толықтырылады.

2. Портфолионың мақсаттары мен міндеттері

Оқытушы портфолиосының негізгі мақсаты оқытушының кәсіби жетістіктерін бекіту, жинақтау және бағалау болып табылады. Оқытушы портфолиосының негізгі міндеттері:

- оқытушының жұмысын бағалау;
- оқытушының шығармашылық және кәсіби өсуін қадағалау;
- оқытушылардың өз қызметінің рефлексия дағдыларын қалыптастыруға ықпал ету.

3. Портфолио құрылымы

Портфолио құрылымы:

1. титул парағы;
2. оқытушы туралы жалпы мәліметтер;
3. мониторингтік карта;
4. мазмұны.

Портфолионың титулдық парағы оқытушының атауынан, тегін, атын, әкесінің атын және оның суретін (мүмкіндігінше) қамтиды.

Оқытушы туралы жалпы мәліметтер келесі ақпаратты қамтуы тиіс:

- біліктілік санаты көрсетілген оқытушының лауазымы,
- пәндік циклдік комиссияның атауы,
- туған күні,
- білімі (қай жылы және қандай оқу орнын бітіргенін көрсете отырып),
- жұмыс өтілі (жалпы, педагогикалық және оқытылатын оқу пәндері)

Мониторингтік карта мәліметтерді қамтиды:

• оқытушы жұмыс істейтін әдістемелік проблема туралы (оқу жылдары бойынша әдістемелік проблемамен жұмыс істеу мерзімі мен әдістемелік проблеманы игеру және іске асыру деңгейі, тақырыбы көрсетілген),

• оқу жұмысының нәтижелері туралы (оқу жылдары бойынша орта білім сапасын көрсете отырып),

• ғылыми жұмысқа қатысу туралы (оқу жылдары бойынша жұмыс нәтижесін ұсыну тақырыбы мен нысанын көрсете отырып),

• оқытушының біліктілігін арттыру туралы (оқу жылдары бойынша нысаны, тақырыбы және мерзімі көрсетілген),

• оқытушының аттестаттаудан өтуі туралы (соңғы аттестаттаудан өткен жылын, соңғы аттестаттаудан өткен оқу орнын және берілген немесе расталған біліктілік санатын көрсете отырып).

Портфолио мазмұны оқытушының шығармашылық досьесін қамтиды, оған оқытушы әзірлеген келесі материал кіреді:

- оқу бағдарламалары,
- жеке жұмыс жоспары (өздігінен білім алу) және оның орындалуы туралы есеп,
- әдістемелік әзірлемелер, баяндамалар, ұсынымдар,
- авторлық дидактикалық материал,

- біліктілікті арттыру нәтижелері (есептер мен сертификаттар),
- БАҚ-тағы жарияланымдардың ксерокөшірмесі,
- семинарлар мен конференцияларда сөз сөйлеулер және т. б.

4. Портфолионды ресімдеуге қойылатын талаптар

Оқытушы портфолиосы келесі принциптерге негізделген талаптарға сәйкес болуы тиіс:

- жүйелілік және тұрақтылық, өзін-өзі бақылау;
- барлық жазбаша түсіндірмелердің құрылымы, қысқа және қисындылығы;
- ұқыпты және эстетикалық безендіру;
- ұсынылатын материалдардың тұтастығы және тақырыптық аяқталуы.